


Қаралды: 
Пед.кеңес отырысы №1
27.08.2021 жыл

Бекітемін: 
Мектеп директоры С.Т.Рамазанова



Педагогикалық кеңестің жұмыс жоспары

Мақсаты.

Мектепті басқару мен өзін-өзі басқару тиімділігі бойынша конструктивті шешімдер қабылдау.

Міндеттері.

1. Мектептің мемлекеттік стандарты талаптарын енгізу бойынша жұмыс қорытынсының анализі, жағымды өзгерістер мен негізгі кемшіліктер.
2. Жағымды өзгерістер мен кемшіліктер себептері.
3. Ұжымның ұйымдастырушылық-педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын болжау.

№	Тақырыптары	Мазмұны	Жауаптылар
ТАМЫЗ	№1 педагогикалық кеңес «Білім жүйесін жаңғырту- адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты»	1.2020-2021 жылындағы білім беру үрдісінің түрлі бағыттары бойынша мектеп жұмысының нәтижелерімен танысу. 2. 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған мектеп жұмысының жылдық жоспарын бекіту, негізгі бағыттары мен міндеттері 3. Мектептің жылдық оқу жоспарын бекіту 4. Мұғалімдердің сағат сандары, сынып жетекшілерін бекіту 6. Элективтік курстарды, үйірмелерді енгізу	Әкімшілік
ҚАРАША	№2 педагогикалық кеңес «Оқушылардың сабақта іс-әрекетінің	1. Баяндама 2. I тоқсандағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы. 3. «Оқырман мектеп – оқыған ел» жобасы бойынша жұмыс	Шабарова А.К. ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары Қуат Т.

	мотивациясы және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау»	туралы 4. Суицидтің алдын лау шаралары туралы	Машан С.
ҚАҢТАР	№3 педагогикалық кеңес «Жаңа тәрбиелік технологиялар»	1.Баяндама«Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін дамыту» 2.ІІ - тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы 3. Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы. 4. 4,9-сынып оқушыларының ББЖМ-ға дайындық деңгейі. 5. «Адал ұрпақ» жосбасы бойынша жұмыстардың жүргізілуі туралы	Токубаев А.М. ОТІМ Сынып жетекшілері ӘБ меңгерушілері Пән мұғалімдері ТІМ
НАУРЫЗ	№4 педагогикалық кеңес «Мұғалімінің іс-әрекеті – бала тұлғасына жол».	Баяндама 1. ІІІ тоқсандағы оқушылардың үлгерімі мен білім сапасының талдауы. 2.Оқушылардың мәдени патриоттық сезім қалыптастыру барысында сынып жетекшілер мен ата-аналардың бірлесе істеген жұмыс есебі. 3.9-сынып оқушыларының қорытынды аттестациялауға дайындық деңгейі. 4. «Шешендер алаңы» жобасының жұмысы туралы	Рамазанова С.Т. ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары ТІМ Сынып жетекшісі Хойчбай Е.
МАМЫР	№5 педагогикалық кеңес «Білім жүйесін жетілдіру бойынша және жаңа оқу жылында мектеп жұмысының келешегі»	1. ІV тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы 2. 2020-2021 оқу жылын аяқтау. Оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру, аралық аттестаттаудан өткізу және үздік оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттау туралы. 3. 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестацияға	Сынып жетекшілері ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары Әкімшілік Мұғалімдер

		<p>жіберу туралы.</p> <p>4. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы</p> <p>5. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің жетістігін бағалау, марапаттау</p> <p>6. 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарының жобасын талқылау.</p>	ТІМ
МАУСЫМ	<p>№6 педагогикалық кеңес</p> <p>Жаңа оқу жылындағы білім мен тәрбиені дамыту мәселелері</p>	<p>1. 9-сынып білім алушыларына негізгі жалпы білім курсын бітіру туралы аттестат тапсыру</p> <p>2. Жөндеу жұмыстарының барысы жайлы</p> <p>3. Оқушылардың жазғы қауіпсіздігі туралы</p>	<p>ОТЖ жөніндегі директордың орынбасары</p> <p>Шаруашылық басшысы</p> <p>Сынып жетекшілері</p>

Педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №1

Күні: 27 тамыз 2021 жыл

Қатысқандар: 10 мұғалім

Тақырыбы: «Білім жүйесін жаңғырту – адами капиталдың сапалы өсуінің басты бағыты»

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 о.ж. білім беру үрдісінің түрлі бағыттары бойынша мектеп жұмысының нәтижелерімен танысу;
2. 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған мектеп жұмысының жылдық жоспарын бекіту, негізгі бағыттары мен міндеттері;
3. Мектептің жұмыстық жылдық жоспарын бекіту
4. Мұғалімдердің сағатын, сынып жетекшілері бекіту
5. Элективтік курстарды, үйірмелерді бекіту

Тыңдалды:

1. Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Мусабаева Г.К. өткен 2020-2021 о.ж. өткізілген іс-шаралардың қорытындысын баяндады. Өткен оқу жылы тоғыз сынып, алты сынып-комплектісінде 26 оқушы білім алды. Жылдық оқу қорытындысы бойынша оқу үлгерімі 100%, оқу сапасы 64%. Оқу озаттары – 5 оқушы, оқу екпінділері – 10 оқушы. Төмен оқу сапасын көрсеткен 8,9 сыныптар және физика, математика пәндерінен. Сондай-ақ, 9-сыныпты 1 оқушы аяқтады, ол үш пәннен мемлекеттік емтихан тапсырды, қазақ тілінен «жақсы», орыс тілі мен математика пәндерінен «қанғаттанарлық» деген баға алды. Мектеп түлегі Қатаркөл қ. ауыл-шаруашылық колледжінің, «Ветеринария» факультетіне оқуға грантпен түсті. Қол өнері, қызықты грамматика, логика, қызықты информатика үйірмелері жүргізілді. Футбол және тоғызқұмалақ ойынынан секциялар өтті. Мектеп оқушылары Таукелова Ж., Ермұрат А. «Алтын сақа» ойынынан сайысқа қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленді. Оқушылар түрлі қашықтық олимпиадаларға да белсенді қатысып, сертификат, дипломдарға ие болды. Мектеп оқушылары аудандық «Жас инспектор» сайысына қатысып, «Эссе» номинациясы бойынша 7-с. оқушысы Кайруллина А. 1 орын иеленді. Информатика мұғалімі Токубаев А.М. «Жыл мұғалімі» онлайн конкурсына қатысып, мадақтамамен марапатталды.

2. 2021-2022 о.ж. арналған жылдық жоспарымен Мусабаева Г.К. таныстырды. Мектептің жылдық жоспары 9 бөлімнен құрылды. Онда өткен оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарының сараптамасы, мектепшілік бақылау, педагог қызметкерлермен жұмыс, дарынды оқушылармен жұмыс, тәрбие жұмысы, кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар, ата-аналармен жұмыс, кітапхана мен психолог маман жұмысы, әдістемелік кеңес және бірлестіктер жұмысы қамтылды.

3. 2021-2022 о.ж. арналған жұмыстық оқу жоспарымен мектеп директоры таныстырды. Биылығы оқу жылы алдағы отырыста айтылғандай үлгілік оқу жоспарын мұғалімдер ұжымы тандады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 ж. 20 тамыздағы №415 бұйрығының 1 қосымшасы, 6 қосымшасына сәйкес құрылды. Мектепалды даярлық тобы мен «Аққу» шағын орталығы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 ж.

12 мамырдағы №195 бұйырығының № қосымшасына сәйкес құрылды. Жаңа оқу жылында 30 оқушы қабылданды, 2-9 сыныптарға, 1-сынып жоқ және 2 оқушы мектепалды даярлық тобына өтініш тапсырды. Мектепалды даярлық тобының оқу жүктемесі аптасына 20 сағ., 2-сыныпта 25 сағ., 3-сыныпта 27 сағ., 4-сыныпта 27 сағ., 5-сыныпта 31 сағ., 6-сыныпта 31 сағ., 7-сыныпта 34 сағ., 8-сыныпта 35 сағ., 9-сыныпта 36 сағ. Ата-аналар мен мұғалімдер отырысында таңдау курстары мен үйірме түрлері шешілді.

4. Биылғы оқу жылы 1-сыныпқа қабылданған оқушы жоқ. 8 сынып 6 сынып-комплектісі, оқушы санына қарай 5/6 және 7/8 сыныптар біріктіріліп оқытылады. Мектепте 12 мұғ., олардың 5 –і жас мамандар. Математика, география, орыс тілі пәндерінен мамандар жоқ, «еңбек. Кз» сайтына ваканттық орындар орналастырылды, әзірше, өтініш түсірген маман жоқ. Тарифтік параққа ваканттық сағаттар ретінде өткізіледі. Қалған пән мұғалімдер толық, олардың сағат санына тоқталсақ:

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғ. Хойчбай Е. – 5-9 сыныптарда 15 сағ., 3-сын. 5 сағ., 1 сағ. 9-сыныпта таңдаулы курс.

Бастауыш сынып мұғ. Ахметкалиева К.Ж. 4-сыныпта 19 сағ., 5/6 – 4сағ. /музыка -1сағ., орыс тілі – 3сағ./

Бастауыш сынып және ӨӨТ пәні мұғ. Шабарова А.К. 3-сыныпта 12 сағ., ӨӨТ 2-9 сыныптарда 6 сағ.,

Тарих пәнінің мұғ. Қуат Т. 5-9 сыныптарда 10 сағ., 3 сағ. таңдаулы курстар;

Информатика, технология пәнінің мұғ. Токубаев А.М. 3-9 сыныптарда 5 сағ. информатика, 5-9 сыныптарда 4 сағ технология.

Дене шынықтыру мұғ. Амантай Б.Ж. 2-9 сыныптарда 18 сағ. және 3 сағ спорт секциясы

Мектепалды даярлық тобының жетекшісі Нуржанова Д.М. 20 сағ. 0,5 жүктемемен.

Физика және математика пәні мұғ. Мусабаева Г.К. 5-9 сыныптарда 6 сағ. және 5/6 5 сағ. математика

Химия және биология мұғ. Рамазанова С.Т. 7-9 сыныптарда 8 сағ.

Ағылшын тілі мұғ. Қабиденова А.С. 2-9 сыныптарда ағылш. тілі 15 сағ. және 1 сағ. таңдаулы курс

Ваканттық сағаттар – география 4 сағ., математика 10 сағ., орыс тілі 6 сағ.

Сондай-ақ, сынып жетекшілері мұғалімдердің келісуімен бекітілді: 2/3-сынып жет. Шабарова А.К.

4-сынып Ахметкалиева Қ.Ж., 5/6 сынып Қуат Т., 7/8 сынып Қабиденова А.С., 9-сынып Хойчбай Е.

5. Ата-аналар мен мұғалімдер отырысында таңдау курстары мен үйірме түрлері шешілді. 5-6 сыныптарда «Жас информатик», жаһандық курстары «Парасаттылық және әдеп», 7/8 сыныптарда «Тарихи тұлғалар», «ағылшын тілі», 9-сыныпта «дінтану» және «Оқуға құштар сынып» курстары таңдалды. Аталған оқу жүктемелерінің жоспары жасалды.

Шешімі:

- Мектептің 2021-2022 о.ж. жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;
- 2021-2022 о.ж. арналған үлігілік және жұмыстық оқу жоспары бекітілсін;
- Мұғалімдердің оқу жүктемелері және сынып жетекшілері бекітілсін;
- Жұмыстық оқу жоспарына сәйкес 2021-2022 о.ж. арналған сабақ кестесі және элективтік курстар мен таңдаулы курстар кестесі бекітілсін;

Торайымы:



С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Педагогикалық кеңес отырысы Хаттама №2

Күні: 4 қараша 2021 жыл
Қатысқандар: 12 мұғалім

Тақырыбы: «Оқушылардың сабақта іс-әрекетінің мотивациясы және оны жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау»

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы
2. Баяндама «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыру»;
3. I тоқсандағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы;
4. «Оқырман мектеп – оқыған ел» жобасы бойынша жұмыстар туралы;
5. Суицидтің алдын алу шаралары;
6. Әр үрлі сұрақтар /үштілділік, мұғалімдердің аттестациясы, педагогикалық әдеп қағидалары, мұғалім статусы т.б./

Тыңдалды:

Өткен педагогикалық кеңес отырысының шешімінің орындалуы туралы ОТИМ Мусабаева Г.Қ. сөз сөйледі. Өткен отырыста мұғалімдердің сағат сандары бөлініп, сыныптардың сағат сандары бекітілген, сол бойынша сабақ кестесі құрылып, бекітілді.

Бастауыш сынып мұғалімі Шабарова А.К. «Ойын технологиясын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыру» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама мәтіні қосымша тапсырылды. Баяндамада ойын әдісіне қойылатын талаптарға, ұлттық ойын үрлерін қолдануға, дидактикалық және грамматикалық ойындарға тоқталды. Ойын арқылы сабақты бекіту түрлерін презентация арқылы таныстырды.

Сынып жетекшілері I оқу тоқсанының қорытындысын айтты. 1 –сынып жоқ. 2-сынып жетекшісі Рустемова А.К. сыныпта барлығы 4 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Ермұрат Е., 1-і оқу екпіндісі Кенжебек А., 2-і орташа, үлгермеуші оқушы жоқ. Қосымша Сабитова А. жұмыс жүргізілетінін айтты.

3-сынып жетекшісі Шабарова А.К. барлығы 3 оқушы, 1-і оқу озаты Қалмұрат М., 1-і оқу екпіндісі Мукушева Д., 1-і орташа. Үлгермеуші жоқ. Сабақты себепсіз босатпайды, оқу жылдамдықтары жақсы, норм.оқиды.

4-сынып жетекшісі Ахметкалиева К.Ж. Сыныпта 6 оқушы, 1-і оқу озаты Ермұрат Ә. 3-і оқу екпіндісі Мусабаев Е., Оспанов Н., Иманшарт О. Сыныпта себепсіз сабақ босатқан оқушылар жоқ, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай іс-шаралар өтті. Сынып сағаттары, мәнерлеп оқу сайысы, суреттер көрмесі т.б.

5/6 сыныптар жетекшісі Қуат Т. барлығы 1/3 оқушы. Оқу озаты Ермұрат А., оқу екпінділері 5-сыныпта Тлеутай Д., 6-сыныпта Абенов Р. Орташа оқитын Калышева А. Оқушылар барлық сыныптан тыс іс-шараларға белсене қатысады. Тлеутай Д. аудандық ағылш. тілі пәнінен өткен олимпиадада 2 орын иеленді.

7/8 сыныптарда 4/3 оқушы. Жетекшісі Қабиденова А.С. Оқу озаты Қайруллина А. 8-с., Капаров Нұрмат 7-с., оқу екпінділері Мусабаева Д., Таукелова Ж., Капаров Нұрсат 7-с. Өте белсенді сынып, 2 оқушы /капаров Н., Қайруллина А./ дебат

клубының мүшелері, 4 оқушы үстел теннисінен аудандық сайыстан 1 орын иеленіп, облысқа жолдама алды.

9-сынып жетекшісі Хойчбай Е. сыныпта 3 оқушы оқу үлгерімдері орташа. Ата-аналар жиналысы өткізіледі, ескертулер айтылады. Сынып үлгерімі, сабаққа қызығушылықтары туралы оқушылармен жұмыс жүргізіледі.

«Оқырман мектеп – оқыған ел» жобасы бойынша мектепте атқарылып жатқан жұмыстар туралы жоба жетекшісі қуат Т. сөз сөйледі. Жобаның мақсаты мен міндеттерімен таныстырды, күтілетін нәтижесін айтты. Жыл басында әдістемелік кеңес отырысында жоспары бекітілген, жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілуде. Токсан барысында барлық оқушылардың оқу жылдамдығы тексерілді, «Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларымен ертегі мазмұндау ұйымдастырылады, «кітаппен өткен демалыс күнім қызық» марафон өткізілуде.

Мектеп психологы Машан С. 7/8,9 сыныптармен әңгіме жүргізіп, сауалнама алғанын айтты. Сауалнама нәтижесі мен жүргізілген әңгіме, кездесулер бойынша қорытынды жасалды. Сыныптарда тәуекел балалар байқалған жоқ, сыныпта белсенді оқушылар, сұрақтарға толық жауап береді.

Мектепте атқарылып жатқан басқа да жұмыстарға ОТИМ Мусабаева Г.Қ. тоқталды.

-Үштілділік мәселесі бойынша айтты. Мектепте ЖМБ пәндерінің ішінде химия пәні үштілде оқытылуда. Мұғалімі рамазанова С.Т. өткен оқу жылы факультативтік сабақ 7/87 сыныптарда қосымша жүргізілген, ағымдағы оқу жылы сабақ барысында 50% қамтылумен жүргізіледі. Сабақтарда негізгі терминдерге көп мән беріліп, CLIL оқыту әдістері қолданылады.

- Сондай-ақ, оқу ісінің меңгерушісі мұғалімдердің аттестатталу мәселесіне тоқталды. Мұғалімдер тест тапсырумен ғана шектелмей, портфолиолары өтініш білдірген санатқа сай болу керектігін айтты. Педагог-сарапшыға аудан көлемінде жетістіктері, педагог-зерттеушіге облыс көлеміндегі жетістіктері бар мұғалімдер ғана өтетінін, мектептің аттестаттау комиссиясының қарауымен келсіліген болу керектігіне тоқталды.

- Мұғалімдерге педагогикалық әдеп ережелері ескертілді, ол туралы әдістемелік бөлмеде стенд жасалған, барлық мұғалімдер мұғалім атына сай болу керектігін, өз құқықтарын білу керектігін айтты. Мектеп директоры толықтырып, айтылған ережелерді ескертті.

Шешімі:

- Оқу сапасының көрсеткіші төмен 9-сынып оқушыларымен жұмысты жандандыру, пән мұғалімдері қосымша жұмыс жүргізісін;
- ЖМБ пәндерін, оның ішінде химия пәнін үштілде меңгеру оқыту қағидаларына сәйкес жүргізілсін;
- Мектеп ұжымы пед.этика нормаларын қатаң сақтасын.
- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты жоспарланған іс-шаралар жоспарға сәйкес уақытында өткізіліп, жауаптылар жауапкершілікпен қарасын;

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Педагогикалық кеңес отырысы
Хаттама №3

Күні: 6 қаңтар 2022 жыл
Қатысқандар: 12 мұғалім

Тақырыбы: «Жаңа тәрбиелік технологиялар»

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы
2. «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін дамыту» баяндама
3. II оқу тоқсанының қорытындысы бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі
4. Аудандық пән олимпиадасына сұраныс;
5. 4,9 сыныптар оқушыларының ББЖМ-ға дайындығы
6. «Адал ұрпақ» жобасы бойынша жұмыстардың жүргізілуі туралы

Тыңдалды:

Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы мектеп директоры Рамазанова С.Т. сөйледі. 9-сынып оқушыларымен қосымша сабақтар жүргізілуде, тек математика пәнінен мұғалім қосымша атқарушы болғандықтан, көбірек қосымша жұмыс істеу қиынға соғып тұр. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспар бойынша өтті, есебі аудандық ББ тапсырылды. Мұғалімдерге тағы бір мәрте пед. этика нормалары туралы ескертілді.

Информатика пәні мұғалімі Токубаев А.М. «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама мәтіні қосымша тапсырылды. Баяндамада ақпараттық технологияларға, білім платформаларымен жұмыс жүргізуге тоқталды. Сондай-ақ, Күнделік электрондық журналын жүргізуде жіберілген қателіктерге тоқталды, уақытында үй тапсырмасын беру бағанын толтыру, формативті бағалауды жүргізуді ұмытпауларын ескертті.

Сынып жетекшілері II оқу тоқсанының нәтижесі мен атқарылған тәрбиелік жұмыстар есебін тапсырды.

2-сынып жетекшісі Рустемова А.К. сыныпта барлығы 4 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Ермұрат Е., 1-і оқу екпіндісі Кенжебек А., 2-і орташа, үлгермеуші оқушы жоқ.

3-сынып жетекшісі Шабарова А.К. барлығы 3 оқушы, 1-і оқу озаты Қалмұрат М., 1-і оқу екпіндісі Мукушева Д., 1-і орташа. Үлгермеуші жоқ. Сабақты себепсіз босатпайды, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, Президент күніне арналған іс-шаралар өтті.

4-сынып жетекшісі Ахметкалиева К.Ж. Сыныпта 6 оқушы, 1-і оқу озаты Ермұрат Ә. 3-і оқу екпіндісі Мусабаев Е., Оспанов Н., Иманшарт О. Сыныпта себепсіз сабақ босатқан оқушылар жоқ, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ашық сынып сағатты өтті.

5/6 сыныптар жетекшісі Қуат Т. барлығы 1/3 оқушы. Оқу озаты Ермұрат А., оқу екпінділері 5-сыныпта Тлеутай Д., 6-сыныпта Абенов Р. Орташа оқитын Калышева А.

7/8 сыныптарда 4/3 оқушы. Жетекшісі Қабиденова А.С. Оқу озаты Қайруллина А. 8-с., Капаров Нұрмат 7-с., оқу екпінділері Мусабаева Д., Таукелова Ж., Капаров Нұрсат 7-с.

9-сынып жетекшісі Хойчбай Е. сыныпта 3 оқушы оқу үлгерімдері орташа. Ата-аналар жиналысы өткізіледі, ескертулер айтылады. Қорытынды аттестаттау жөнінде ата-аналармен біріге жиналыс өткізілді. Балалардың мемлекеттік емтиханға Қазақстан тарихы пәнін таңдайтындарын айтып, ата-аналарымен келісіп өтініш берді.

Мектепшілік пәндер олимпиадасы 5 пән бойынша өтті. Онда 5-9 сыныптар оқушылары 13 оқушы қатысты. 7-сынып оқушысы қапаров Нұрмат, 8-сынып оқушысы Кайруллина Арайлым, 6-сынып оқушысы Ермұрат Айниса жүлделі орындарға ие болды. Өкінішке орай, 9-сыныптан жүлделі орын алған оқушылар жоқ. Сол себептен аудандық кезеңге өтініш берілмеді. Пән мұғалімдеріне қатаң ескерту жасалды.

Оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Мусабаева Г.К. 4,9 сыныптардың ББЖМ-ға дайындығы және PISA бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Қосымша сабақтар кестесімен таныстырды. 4-сынып мұғалімі Ахметкалиева К.Ж. сабақтан тыс барлық пәндерден қосымша сабақтар жүргізуде, Жырғаухан М. математика және ауызша пәндерден нашарлау, сондықтан көбірек оған көңіл бөлінеді. 9-сынып оқушыларының дайындығы туралы қазақ тілі пәнінің мұғалімі Хойчбай Е., тарих пәнінің мұғалімі Қуат Т. айтты. Оқушылардың қосымша сабақтарды көп босатады, сондықтан сабақтар соңында қалып дайындалуға тура келеді. Ата-аналарына ескертілгенін айтты.

«Адал ұрпақ» жобасы бойынша жұмыстар алдыңғы орында мектепте, мұғалімдер мен оқушылардан құрылған клуб бар, қабырға стенді жасалған. Клуб мүшелері барлық іс-шаралардың, сабақтардың өту барысы кезінде бақылау жүргізіп тұрады.

Отырыс соңында мұғалімдерге тағы да санитарлық-эпидемиялық талаптардың сыныптарда қатаң орындауларына, мұғалімдер мен оқушылардың қауіпсіздігіне тоқталды. Оқушылардың оттан, судан, жол жүрудегі қауіпсіздігі туралы жиі сынып сағаттарын өткізіп, ата-аналармен кездесулер ұйымдастырып, қатаң ескертіліп отырылсын деп, директор мұғалімдердің назарына ескертті.

Сондай-ақ, мұғалімдердің жаңаша аттестатталу ережелерімен мұқият танысып, алдағы уақытта аттестаттауға өтініш беретін мұғалімдер портфолиясында талаптардың барлығы толық орындалуы керектігі айтылды.

Шешімі:

- Мұғалімдер сабақтарда ақпараттық білім платформаларымен әрдайым жұмыс жүргізсін;
- «Күнделік.кз» электрондық журналының уақытында толтырылуы қатаң бақылансын;
- 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жалғастырылсын;
- Қызметкерлер мен оқушылардың қауіпсіздігі қатаң бақыланып, қауіпсіздік ережелері мұқият орындалсын.

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Педагогикалық кеңес отырысы Хаттама №4

Күні: 1 сәуір 2022 жыл
Қатысқандар: 10 мұғалім

Тақырыбы: «Мұғалімнің іс-әрекеті – бала тұлғасына жол»

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы
2. Баяндама «Жаңаша білім берудің оқу үрдісіне енгізу – ұстаз міндеті»
3. III оқу тоқсанының қорытындысы бойынша білім сапасы мен үлгерімі
4. Оқушылардың мәдени-патриоттық сезімін қалыптастыру барысындағы ата-аналармен сынып жетекшісінің бірлесе атқарған жұмыс есебі
5. 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестатталуға дайындығы
6. «Шешендер алаңы» дебат клубының жұмысы туралы
7. Оқушылардың мектеп асханасында тамақтануы туралы; Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы Рамазанова С.Т. сөз сөйледі. Күнделік.кз электрондық журналының жүргізілуі туралы айтты. Уақытында толтырмайтын мұғалімдерге ескерту жасалды. Мұғалімдер мен оқушылардың қауіпсіздігі туралы тоқталды. Кеңес соңында осы сұраққа тағы тоқталатынын айтты.

Мектеп директоры Рамазанова С.Т. «Жаңаша білім берудің оқу үрдісіне енгізу – ұстаз міндеті» атты баяндама оқыды. Онда мұғалімдерге сабақ барысында қолдануыға болатын, әсіресе, кіріктірілген сыныптарда қолдануға болатын оқыту технологияларына тоқталды. Сонымен қатар, интернет желісінде түрлі парақшалар бар. Онда да тиімді технологиялар жарияланатынын айтты.

Сынып жетекшілері III оқу тоқсанының қорытындысын өз сыныптары бойынша баяндады. 1-сынып жоқ. 2-сынып жетекшісі Рустемова А.К. Барлығы 4 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Ермұрат Е.; 1-і оқу екпіндісі Кенжебек А. оқу сапасы 50%, оқу үлгерімі 100%;

3-сынып жетекшісі Шабарова А.К. Барлығы 3 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Қалмұрат М.; 1-і оқу екпіндісі Мукушева Д. оқу сапасы 67%, оқу үлгерімі 100%;

4-сынып жетекшісі Ахметкалиева К.Ж. Барлығы 6 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Ермұрат Ә.; 3-і оқу екпінділері Оспанов Н., Мусабаев Е., Иманшарт О. оқу сапасы 67%, оқу үлгерімі 100%;

5/6 сыныптар жетекшісі Қуат Т. Барлығы 1+3 оқушы, 5-сыныпта 1 оқушы, ол оқу екпіндісі Тлеутай Д.; 6-сыныпта 3 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Ермұрат А. 1-і оқу екпіндісі Абенев Р. 5-сынып оқу сапасы да, оқу үлгерімі де 100%; 6-сынып оқу сапасы 67%, оқу үлгерімі 100%;

7/8 сыныптар жетекшісі Қабиденова А.С. Барлығы 4+3 оқушы, 7-сыныпта 4 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Капаров Нұрмат, 3-і оқу екпіндісі Капаров Нұрсат, Мусабаева Д., Таукелова Ж.; 8-сыныпта 3 оқушы, олардың 1-і оқу озаты Қайруллина А. 7-сынып оқу сапасы да, оқу үлгерімі де 100%; 8-сынып оқу сапасы 33%, оқу үлгерімі 100%;

9-сынып жетекшісі Хойчбай Е. Барлығы 3 оқушы, оқу озаты да, оқу екпінділері де жоқ. оқу сапасы 0%, оқу үлгерімі 100%;

Сондай-ақ, сынып жетекшілері ата-аналармен бірлесе өткізілген іс-шаралар туралы айтты. Ахметкалиева К.Ж. сөз сөйледі. Санитарлық-эпидемиялық талаптар жеңілдетілгендіктен, ата-аналардың мектепке келіп іс-шараларға қатысуларына мүмкіндік бар. Сондықтан, 8-наурызға мектеп бойынша мерекелік концерт өткізілді, онда барлық аналар қатысты және 22 наурыз мерекесіне де үлкен іс-шара өткізілді. Ата-аналар оқушылармен бірге музыкалық, спорттық іс-шараларға қатысты.

Токубаев А.М. 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестатталуы туралы айтты. 9-сынып оқушылары мектеп бітіру емтиханын тапсырады. Үш міндетті пәннен /қазақ тілі – эссе, математика –бақылау жұмысы, орыс тілі – жазбаша/ және бір таңдаулы пәннен емтихан. Барлық оқушылар ата-аналарымен келісіп, Қазақстан тарихы пәнін таңдаулы пән ретінде бітіру емтиханына таңдады. 9-сынып оқушыларымен қосымша дайындық сабақтары жүргізілуде, кестесі құрылды. Бітіру емтихандарына дайындықты күшейту керектігін пән мұғалімдеріне тағы бір ескертті.

«Шешендер алаңы» атты дебат клубының жетекшісі Хойчбай Е. атқарылған жұмыста туралы баяндады. 2021-2022 о.ж. мектеп бойынша «Шешендер алаңы» атты дебат клубы құрылды, онда 3-9 сынып оқушылары қатысады. Клуб мүшелері жыл бойы мектепшілік, аудандық және облыстық пікір-сайыстарға және семинарларға қатысты. Мектеп бойынша екі турнир өтті, «Зиянды әдеттер», «Компьютерлік тениканың пайдасы мен зияны» тақырыбында және клубтың құрама командасы аудандық турнирге қатысып, I орын иеленді. Клуб мүшесі 8-сынып оқушысы Кайруллина А. аудандық құрама командасында облыстық турнирге қатысты.

Пед.кеңес отырысының соңында түрлі сұрақтар қарастырылды:

- Аттестатталатын педагог қызметкерлердің шығармашылық есебі

Тыңдалды:

Алдағы уақытта ҰБТ өтіп, аттестаттау комиссиясына құжаттар тапсыратын мұғалім біреу. Ол қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хойчбай Ермурат екенін Токубаев Аслан Михайлұлы айтты.

Сөз кезегі Хойчбай Ермуратқа берілді. Ол өз сөзінде соңғы үш жылдағы педагогикалық қызметінің нәтижесімен, пәні бойынша өзінің және оқушыларының жетістіктеріне тоқталды. ҰБТ өтіп, педагог-зерттеуші санатына сәйкес балл жинағанын, облыс көлемінде тәжірибе таратқанын, сонымен қатар, мектептің дебат клубының жетекшісі екенін, дебат клубына мүше шәкірттерінің ағымдағы оқу жылында аудандық турнирде жеңімпаз атанып, облыстық кезеңге белсене қатысқанын атап айтты.

-2022 жыл «Балалар жылы» деп аталуына байланысты, Қуат Т. осы жылға арналған іс-шаралар жоспарымен таныстырды.


-2022-2023 о.ж. бірінші сыныпқа құжаттар қабылдау туралы директор сөз сөйледі. Құжаттарды қабылдау 1 сәуір күнінен 1 тамыз аралығында болады, құжаттар «ЕГОВ» және «ақмола. кз» электрондық порталы арқылы қабылданады және қағаз түрінде. Сондай-ақ, қабылдауға қажетті құжаттар тізімін (туу туралы куәлік көшірмесі, мед.анықтама, 2 фото сурет) атап, аталған жұмысқа отырысқа қатысушылар жауапты деп Нұржанова Д.М. бекітті.

ТІМ Қуат Т. асхана жұмысына тоқталды. Асханада оқушылар бір мезгіл ыстық тамақпен тамақтанады. Бракераждық комиссия асхана жұмысын бақылауда, екі оқушы тегін тамақтанады. Күнделікті ас мәзірі хабарлама стендіне ілінеді.

Шешімі:

- 9-сынып оқушыларымен бітіру емтиханына дайындық жұмыстары жалғастырылсын;
- педагог-зерттеуші санатына үміткер Хойчбай Ермураттың кәсіби-педагогтік жетістіктерін негізге ала отырып шығармашылық есебін бірауыздан мақұлдағандықтан, құжаттары облыстық аттестаттау комиссиясына ұсынылсын;
- 2022 жыл Қазақстанда Балалар жылы бойынша атқарылатын іс-шаралардың жоспары бекітілсін;
- 2022-2023 о.ж. бірінші сыныпқа құжаттар қабылдау жүргізілсін;

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай

**Мамай а. негізгі орта мектебі қызметкерлерінің кезектен тыс отырысының
Хаттамасы**

6 мамыр 2022 жыл

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қызметкерлер – 15 адам

Күн тәртібі:

1. 28 наурыз 2022 ж. Степняк қ. №1 ЖОББ мектебінде өткен спорттық сайыста оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Г.К. Мусабоевамен болған апаттың себептерін қарау;
2. Қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі бойынша кезектен тыс инструктаж өткізу;

Барысы:

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры С.Т.Рамазанова сөз сөйлеп, сөз кезегінде оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі Г.К.Мусабоевамен 28 наурыз 2022 ж. Степняк қ. №1 ЖОББ мектебінде өткен спорттық сайыста болған бақытсыз жағдай туралы, яғни, сайыс кезінде оның денсаулығының нашарлауы, оның өліміне әкеліп соққанын айтты.

Екінші сұрақ бойынша да мектеп директоры С.Т.Рамазанова сөз сөйледі. Барлық жиналысқа қатысушыларды еңбек қауіпсіздігі ережелерімен таныстырды. Еңбек қауіпсіздігі бойынша презентациялар мен бейнематриалдар ұсынды, сондай-ақ, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі бойынша шаруашылық басшысы Қ.Ж.Антаевта толықтырды.

Шешімі:

- Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, спорттық жетекші Б.Ж.Амантайға алдағы уақытта спорттық сайысқа қатысушылар командасын барлық талаптарға сәйкес қалыптастыру және жарыстарға қатысуға жергілікті медицина қызметкерлерімен қатар, аудандық орталық емхананың дәрігерлерімен толық медициналық тексеруден өткен қатысушыларға ғана рұқсат етілсін;
- Мектептің барлық қызметкерлері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерімен тағы да танысып, жұмыс барысында қауіпсіздік техникасын үнемі сақтасын.

Отырыс тораымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Т.Қуат

Педагогикалық кеңес отырысы Хаттама №5

Күні: 24 мамыр 2022 жыл
Қатысқандар: 10 мұғалім

Тақырыбы: «Білім жүйесін жетілдіру бойынша және жаңа оқу жылында мектеп жұмысының келешегі»

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы
2. IV тоқсан бойынша оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы
3. 2021-2022 оқу жылын аяқтау. Оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру, аралық аттестаттаудан өткізу және үздік оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттау туралы.
4. 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестацияға жіберу туралы.
5. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы
6. 2021-22 оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімін бекіту.
7. Педагогикалық ұжымның және жеке мұғалімдердің жетістігін бағалау, марапаттау
8. 2021-2022 оқу жылына жұмыс жоспарының жобасын талқылау.

7. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы Рамазанова С.Т.сөз сөйледі. 9-сынып оқушыларымен емтихандарға дайындық жұмыстары жүргізілуде. 2022 балалар жылы бойынша бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралар өткізілуде. Педагог-зерттеуші санатына өтінім берген қазақ тілі пәнінің мұғалімі Хойчбай Ермұраттың құжаттары облыстық аттестаттау комиссиясына ұсынылды. 1-сыныпқа бүгінгі күні 2 оқушы қабылданды.

IV оқу тоқсанының қорытындысы бойынша сынып жетекшілері сөз сөйлеп, оқу сапасы бойынша есеп берді. 0-сыныпты 2 оқушы аяқтады, олардың үлгерімі орташа. Екеуі де 1-сыныпқа құжат тапсырды. Жетекшісі: Нұржанова Д.М.

2-сыныпты 4 оқушы аяқтады, олардың біреуі оқу озаты Ермұрат Елнұр, біреуі оқу екпіндісі Кенжебек Айым, қалғандары орташа, үлгермеуші жоқ. Жетекшісі: А.К.Рүстемова.

3-сынып жетекшісі Шабарова А.К.: барлығы 3 оқушы 3-сыныпты бітірді, олардың біреуі оқу озаты – Қалмұрат М., біреуі оқу екпіндісі – Мукушева Д., үлгермеуші оқушы жоқ. Оқу сапасы – 67%.

4-сыныпты 6 оқушы бітірді. Бір оқу озаты – Ермұрат Ә., үш оқу екпіндісі – Оспанов Н., Мусабаев Е., Иманшарт О., Оқу үлгерімі - 100%, оқу сапасы - 67%. Мұғалімі: Ахметкалиева Қ.Ж.

5-сыныпта бір оқушы, ол Тлеутай Д. оқу екпіндісі, 6-сыныпта 3 оқушы, олардың ішінде оқу озаты – Ермұрат А., оқу екпіндісі – Абенов Р. Үлгермеуші оқушы жоқ. Жетекшісі: Қуат Т.

7/8 сынып жетекшісі Кабиденнова А.С. 7-сыныпта барлығы 4 оқушы, олардың ішінде оқу озаты – Капаров Нұрмат, оқу екпінділері – Мусабаева Д., Капаров Нұрсат, Таукелова Ж. оқу үлгерімі - 100%, сапасы - 100%

8-сыныпта 3 оқушы, оқу сапасы - 33%, бір оқушы оқу озаты – Кайруллина А., үлгерімі - 100%.

9-сыныпта 3 оқушы, жетекшісі Хойчбай Е. барлық 3 оқушының оқу үлгерімі орташа. ОИМ Токубаев А.М. тоқсаның және жыл қорытындысын жасады. ІҮ оқу тоқсанының және оқу жылының қорытындысы бойынша барлығы оқушы саны – 27 оқушы, 2 мектепалды даярлық сыныпта. Олардың 6-ы оқу озаты, 10-ы оқу екпіндісі, оқу үлгерімі - 100%, оқу сапасы - 59%. Үлгермеуші оқушы жоқ. Отырысқа қатысушылар оқу озаттары мен екпінділерін мақтау қағаздарымен марапаттауды ұсынып, қолдады. ТИМ Қуат Т. атқарылған тәрбие жұмыстарына тоқталды. Олар атап өтсек, Оқырман мектеп, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына, спорттық жетістіктер, құқықтық тәрбиеге, дебат клубының жұмысы, мерекелік іс-шаралардың өтуі туралы айтты. Барлық өткізілген іс-шаралар мектептің әлеуметтік парақшаларына жарияланып отырылды.

2-8 сыныптар оқушылары келесі сыныпқа көшірілуі туралы ОИМ Токубаев А.М. баяндады. 2-8 сыныптарда 24 оқушы, олардың ішінде үлгермеуші оқушылар жоқ, барлық пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ толық алынып, сарапталды. Сол себептен оқушылардың келесі сыныпқа көшірулерін ұсынды, пед.ұжым бірауыздан қолдады.

9-сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға жіберу туралы директор сөз сөйледі. 9-сыныпта 3 оқушы, олардың оқу үлгерімдері орташа, үлгермеуші оқушы жоқ. Оқу жылын аяқтау туралы бұйырқпен таныстырды. Бұйырққа сәйкес 9-сынып оқушылары қазақ тілінен жазбаша /эссе/, математика пәнінен жазбаша /бақылау жұмысы/, орыс тілінен және таңдаулы пән Қазақстан тарихы пәнінен емтихан тапсыратындарын айтты. Мектеп бойынша қорытынды аттестаттау жүргізу бойынша комиссия құрылған, онда барлық пән мұғалімдері кірді. Емтихан алушылар қазақ тілінен Хойчбай Е., математика пәнінен Мыржақимов Т.Б., орыс тілінен Альжанова С.К., Қазақстан тарихынан Қуат Т. сондай-ақ, аталған емтихандарға ассистенттер тағайындалды.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастырылуы туралы ТИМ Қуат Т. сөз сөйледі. Жазғы демалыста мектеп жанында 3 ауысымда «Айгөлек» ойын алаңы жұмыс істейді, онда мектепалды даярлық сынып, 2-6 сынып оқушылары / 17 оқушы/ қатысады. Ойын алаңы сағ.10-00 ден 13.00 жұмыс істейді, тамақтанусыз. Ойын алаңының жоспарына бір күндік табиғатқа саяхат енгізілген. Ойын алаңының жетекшілері: 1 ауысым – Рустемова А.К., 2 ауысым – Ахметкалиева Қ.Ж., 3 ауысым – Шабарова А.К. 5-8 сынып оқушыларымен жасылдандыру бригадасы және футбол алаңы жұмыс істейді. Жасылдандыру бригадасы /11 оқушы/ мектеп үлескісіндегі гүлдерді, картопты суарып, күтеді және олармен түрлі қозғалыс ойындары ұйымдастырылады. Жасылдандыру тобының жетекшілері Қуат Т., Кабиденова А.С. Футбол алаңының жетекшісі Амантай Б.Ж. Сонымен қатар ТИМ Қуат Т. барлық жетекшілерді алдын-ала оқушылармен және ата-аналармен қауіпсіздік туралы отырыстар ұйымдастырып, нұсқаулықтармен таныстырып, қауіпсіздік ережелері туралы журнал жүргізу керектігін айтты. Оқушылардың жаз айларындағы қауіпсіздігіне жауапты деп жетекшілері бектілді.

Оқу жылының қорытындысын тыңдай отырып, отырысқа қатысушылар жеке мұғалімдердің жетістігі үшін келесі қызметкерлерді марапаттауды ұсынды. Ол туралы кәсіподақ ұйымының төрайымы Шабарова А.К. сөз сөйледі. Отырыс қатысушылары көпжылдық үздіксіз еңбегі және оқу жылы барысындағы қол жеткізген жетістіктері үшін информатика пәні мұғалімі Токубаев А.М. және дене шынықтыру пәні мұғалімі Амантай Б.Ж. марапаттауды ұсынды.


2022-2023 о.ж. жұмыс жоспарының жобасы талқыланды, әдістемелік бірлестік жетекшілері бағыттар бойынша іс-шаралар тізімін ұсынды, пән апталықтарын, ашық сабақтар, Оқырман мектеп бойынша жұмыстар жалғастырылуын атап өтті.

Отырыс соңында соңғы қоңырау, оқушылардың мақтау қағаздары мен мектеп түлектерінің негізгі мектеп бітіру туралы аттестаттарын толтыру сұрақтары қарастырылды. Аттестат толтыру бойынша келесі құрамда комиссия құрылды, онда ОІМ Токубаев А.М., сынып жетекшісі Хойчбай Е., Қаз.тарихы пәнінің мұғалімі Қуат Т. және мектеп директоры С.Т.Рамазанова ұсынылды.

Шешімі:

- 2021-2022 о.ж. қорытындысына сәйкес 2-8 сынып оқушылар келесі сыныптарға көшірілсін;
- 9-сынып оқушылары мемлекеттік аттестатталуға кіргізілсін;
- Оқу озаттары мен екпінділері және жеке мұғалімдер мақтау қағаздарымен марапатталсын;
- Жазғы демалыс жұмыстарының жоспары бекітілсін, жоспарға сәйкес іс-шаралар уақытылы өткізіліп, оқушылар қауіпсіздігі қатаң бақылансын;

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Педагогикалық кеңес отырысы Хаттама №6

Күні: 10 маусым 2022 жыл

Қатысқандар: 10 мұғалім, шаруашылық басшысы

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы білім мен тәрбиені дамыту мәселелері»

Күн тәртібінде:

1. Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы
2. 9-сынып білім алушыларына негізгі жалпы білім курсы бітіру туралы аттестат тапсыру;
3. Жөндеу жұмыстарының барысы туралы;
4. Оқушылардың жазғы демалыстағы қауіпсіздігі туралы;
5. Әр түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

Өткен пед.кеңес отырысы шешімінің орындалуы туралы Тоқубаевы А.М. сөз сөйледі. 9-сынып оқушылар мемлекеттік емтихандарын толық тапсырды. Тапсырмаған оқушылар жоқ. Емтихан қорытындысы келесі:

Барлығы 3 оқушы. Қазақ тілінен «5» баға – жоқ, «4» - 3 оқушы сапасы 100%, математика пәнінен «5», «4» баға – жоқ, «3» - 3 оқушы, сапасы - 0%, орыс тілінен «5» - жоқ, «4» - 2 оқушы, «3» - 1 оқушы сапасы - 66%, Қазақстан тарихы пәнінен «5» - жоқ, «4» - 3 оқушы сапасы 100 %.

Емтихан қорытындысын тыңдай келе директор 9-сынып оқушыларына түгелдей негізгі орта білім туралы аттестат тапсыруды ұсынды, отырыс қатысушылары қолдады.

Мектептің ағымдағы жөндеу жұмыстары туралы шаруашылық басшысы Антаев Қ.Ж. сөз сөйледі. Жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін толық әктеу, сырлауға қажетті заттар толық жеткізілді. Мектеп дәліздері тех. қызметкерлермен әктелді, қазіргі уақытта терезелер жөнделуде. Сондай-ақ, бастауыш сынып бөлмелері әктеліп, сырланып аяқталды. Отжағушылар от жазандықтарын тазалап, жылу жүйесінің құбырлары тексерілді. Шаруашылық басшысы мектеп маңының көгалдандыру жұмыстарына ат салысуға шақырды.

Оқушылардың жазғы демалыстағы қауіпсіздіктері туралы сынып жетекшілері сөз сөйледі. Барлық сынып жетекшілері оқушылармен қауіпсіздік ережелері туралы сынып сағаттарын өткізіп, нұсқаулықтармен таныстырып, ата-аналарының және оқушылардың қол қоюымен қабылдаған.

Шешімі:

- 9-сынып оқушыларына /3 оқушы/ негізгі орта білім туралы аттестат тапсырылсын;
- 9-сынып жетекшісі оқушылардың жеке іс-қағаздарын толтырып, мектеп архивіне тапсырсын;
- Ағымдағы жөндеу жұмыстарының жүргізілуі шаруашылық басшысы тарапынан бақылансын;

Төрайымы:  С.Т.Рамазанова

Хатшы:  Е.Хойчбай